

The logo of the Asian Development Bank (ADB) consists of the letters 'ADB' in a white, serif font, centered within a dark blue square.

Asian Development Bank

МОНИТОРИНГНӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

ЦАРЭС I КӨЛІК КОРИДОРЫ

(Жамбыл облысындағы учаске)

[Батыс Еуропа – Батыс Қытай Халықаралық транзиттік коридоры]

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА – 2-ЖОБА

бойынша шағым

АДБ заемы 2562-KAZ (22 қазан 2008 жыл)

Наурыз 2011 жыл

Осы есептің ағылшын тіліндегі түпнұсқа версиясын орыс және қазақ тілдеріне ЖАДО кеңес берушілері аударды. Орыс ағылшын мәтіндерінің арасында қайсыбір қайшылықтар анықталған жағдайда, ағылшын тіліндегі мәтін басым мәнге ие.

Осы есептің таратылуына шек қойылады және есеп АДБ Қоғаммен байланыс саясатының 119 (iv) тармағына сәйкес (2005 жылғы басылым) ашық түрде қол жеткізу үшін орналастырылмағанша, оны тек тура алушыларға ғана пайдалана алады. Осындай уақытқа дейін оның мазмұнын Азия Даму Банкінің рұқсатынсыз ашуға болмайды.

A. Қысқаша ақпарат

1. 5 қараша 2009 жылы Жобалар жөніндегі Арнайы делдалдың офисіне (ЖАДО) «ЦАРЭС Көлік Коридоры (Жамбыл облысындағы учаске¹) [Батыс Еуропа – Батыс Қытай Халықаралық транзиттік коридоры] Инвестициялық бағдарламасы – 2-Жоба» жобасының екінші траншы бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқан Жаңатұрмыс ауылынан шағым келіп түсті. Жоба Орталық Азия аймақтық экономикалық ынтымақтастық ұйымының (ЦАРЭС) екік коридорының Қазақстандық бөлігіндегі жол учаскелерінің қайта жаңартуды, коридордың халықаралық жол қозғалысына сәйкес болуын қамтамасыз ету үшін айналма жолдар мен жаңа профильдердің құрылысын көздейді. Азия даму банкі (АДБ) 125 километрді (км) қайта жаңарту үшін 30 желтоқсан 2008 жылы 340 миллион АҚШ доллары мөлшерінде бірінші траншты және 79 км-ді қайта жаңарту үшін 7 қазан 2009 жылы 187 миллион АҚШ доллары мөлшерінде екінші траншты мақұлдады. Көлік және коммуникациялар министрлігі (ККМ) атқарушы агенттік, ККМ жанындағы Автомобиль жолдары комитеті – жобаның іске асырылуы үшін жауап беретін агенттік, және Жамбыл облысының Жол комитеті – 2-заем траншының іске асырылуы үшін жауап беретін өкіл болып табылады. Жобаны АДБ Орталық және Батыс Азия Департаментінің көлік және коммуникациялар бөлімі басқарады. Арыз берушілер мал өтетін өткелдердің санына және ауыл шаруашылығы машиналары өтетін жолға қатысты алаңдайтынын білдірді, олардың құрылысының салынатынына олар күмәнді болатын. Шағымның жіберілуіне «Тараз Баспаөз клубы» ҚБ үкіметтік емес ұйымы себін тигізді. Шағымның мәтіні ЖАДО сайтында ағылшын, қазақ және орыс² тілдерінде жарияланды.

2. 3 желтоқсан 2009 жылы ЖАДО шағымның Есептілік тетігінің Кеңестер жүргізу сатысының құқық өкілеттігінің барлық критерилеріне жауап беретінін айқындады. Шолу және бағалау 2010 жылдың 17 қаңтарынан бастап 28 қаңтарына дейін жүргізілді және ауылдың 30 тұрғыны көтерген келесі сұрақтарды анықтады: (i) Жаңатұрмыс ауылының қасындағы мал өтетін өткелдердің саны және орналасатын жерлері, бұл мәселе әлі анық болмай тұр, өйткені тұрғындар жолдың қазіргі кезде бар алдын ала жобасымен таныс емес; (ii) ауыл шаруашылық техникасының жолдың бір жағынан екінші жағына өтуі, бұл мәселе де түсінік беруді талап етеді; (iii) су шаруашылығы және жаңартылған автожолдың астындағы су өткізгіш құбырлар; (iv) Жаңатұрмыс ауылының автомашиналарының жаңартылған жолға кіру жолдары; және (v) автожолдың жобасымен байланысты коммуникация. Қарастыру және бағалау туралы есеп ЖАДО сайтында³ берілген. ЖАДО проблемалық мәселелерді шешу үшін 2010 жылдың 2 наурызынан бастап 4 наурызына дейін екі тарапты, бірлескен үш кеңес берудің өткізілуіне себін тигізді. Кеңес берудің барысында 2 наурыз 2010 жылы тараптар келесілер туралы келісімге келді (i) жобаға сәйкес 382-280 километрде өткізу жолының астында өту жолын орналастыру, (ii) 382-977 километрде өткізу жолының астындағы қосымша өту жолы, (iii) жаңа профильден өткізуге қарай ауыл шаруашылық машиналары үшін кіріс грунт жолының құрылысын салу, (iv) су өткізу құбырларының орналасқан жерін сақтап қалу, (v) жоба бойынша ақпарат ұсыну, және (vi) қол жеткізілген келісімдердің іске асырылуына ЖАДО-ның мониторинг жүргізуі. 2010 жылғы 3 наурыздағы кеңес берудің барысында АДБ учаскесінің мониторингімен шұғылданатын ДЦЗА және ҮЕҰ жобаның іске асыру және мониторингін жүргізу жүйесін талқылады, жобаны іске асырған кездегі ДЦЗА рөлін айқындады, ДЦЗА-ның шағымдармен қалай жұмыс істейтінін түсіндірді, және болашақта корреспонденциямен және ақпаратпен алмасуды, сондай-ақ міндеттер туралы хабарлауды үйлестірді. Осы кеңес берудің барысында 3 наурызда ККМ-мен жүргізілетін кеңес беруге арналған сұрақтар белгіленді. 2011 жылғы 4 наурыздағы кеңес беру кезінде бұдан арғы функциялар мен міндеттер анықталды және байланыс арналары қарастырылды. Көптеген қатысушылар отырыстардың өзара түсінісуді және өзара қарым-қатынас жасауды жақсартуға себін тигізгендігін атап өтті. Үш кеңес

¹ Облыс Қазақстанның негізгі әкімшілік-аумақтық бірлігі болып табылады

² http://www.adb.org/Documents/SPF/KAZ-Complaint-Letter.pdf?bcsi_scan_7823DFCE46415F3E=45Q1SEqz0g9HP9N7DbW63ScAAAAfvT9h&bcsi_scan_filename=KAZ-Complaint-Letter.pdf

³ <http://www.adb.org/SPF/documents/RAR-KAZ-CAREC-en.pdf>, <http://www.adb.org/SPF/documents/RAR-KAZ-CAREC-kk.pdf>, <http://www.adb.org/SPF/documents/RAR-KAZ-CAREC-ru.pdf>

беру бойынша құжаттама ЖАДО сайтында ағылшын, қазақ және орыс⁴ тілдерінде жарияланды.

3. Операциялық басшылыққа сәйкес, L1/OP бөлімі, Жобалар жөніндегі арнайы Делдал келісімнің іске асырылуының мониторингі үшін жауапкершілік көтереді және жүзеге асырудың барысы туралы есепті Президентке және көшірмесін Кеңеске⁵ жыл сайын ұсынуы тиіс.

В. Мониторинг бойынша шаралар 2010/2011

4. 2010 және 2011 жылдардағы мониторинг шараларына (i) ЖАДО-ның екі миссиясы кірді, біреуі 2010 жылдың шілдесінде және біреуі қараша айында ; (ii) «Тараз Баспаөз клубы» арқылы арыз берушілермен үнемі байланыста болу, және (iii) жобаның әлеуметтік қорғау жөніндегі ДЦЗА мамандарымен байланыста болу және тұрақты миссия шеңберінде олардың келіп тұруы.

5. Шілде айындағы миссия келісімнің іске асырылуының мониторингіндегі ЖАДО рөлін растады және арыз берушілердің талқыланып жатқан өткізу жолының астындағы өту жолының детальді әзірлемесімен таныс емес екенін және кең ауыл шаруашылық техникасының жаңа жолды кесіп өтуіне бола әлі де алаңдайтыны анықтады. Бұл проблемалар Облыстық жолдар комитетімен телефон бойынша үргізілген келіс сөздер арқылы жойылды. Ақпарат әлі де болса талқилануы тиіс еді, және Астанадағы Жолдар комитеті қауымдастықтарға ақпарат беру үшін қосыша күш-шаралар қолдануға болады деген пікірде болды. Облыстық жолдар комитеті Жаңатұрмыс ауылы орналасқан учаскеге деген келісім-шартқа қол қойылғаны туралы хабарлады, және құрылыс жұмыстары шілденің соңында/тамыздың басында басталады деп шамалап отыр. ЖАДО миссиясы 2010 жылдың қарашасында жобаның аумағына барып, арыз берушілермен, «Тараз Баспаөз клубымен» және Тараз қаласындағы Облыстық Жолдар комитетімен кездесті. Миссия алды тазартудың, кейбір жер жұмыстарының және беттікті тегістеудің орындалып қойғанын анықтады.

6. Әлеуметтік қорғау жөніндегі ДЦЗА мамандарынан және «Тараз Баспаөз клубы» арқылы арыз берушілерден алынған соңғы ақпарат өткізу жолының астындағы екі өту жолының біреуінің құрылымының құрама элементтерінің жартысы автожолдың екі жолағының біреуінің астына орналастырылып қойғанын растады. Екінші өту жолы үшін экскаваторлық жұмыстар жүргізіліп қойды. Қосымшада өткізу жолының астындағы өту жолының құрылысын салу жұмыстарының жай-күйі әлеуметтік даму (қорғау) жөніндегі ДЦЗА маманы Хосе Т. Николастың мәліметтеріне сәйкес көрсетілген.

С. Осы кездегі жағдай және бұдан арғы қадамдар

7. Құрылыс жұмыстары қысқы үзілістен кейін жақын апталардың ішінде қайта басталады. ЖАДО жұмыстардың барысы туралы ақпаратты «Тараз Баспаөз клубы» мен әлеуметтік қорғау жөніндегі ДЦЗА мамандары арқылы жинауын жалғастырады.

Д. Қорытынды

8. Келісімді іске асыру жаты өтті. Ақпараттың жеткіліксіздігі салдарынан туындаған елеусіз проблемалар телефон келіссөздері және мердігер мен арыз берушілердің арасындағы сұхбаттың арқасында шұғыл шешілді. ЖАДО жақындағы бірнеше айдың ішінде келісім толық іске асырылады, және шағымдар жабылады деп сенеді.

⁴ <http://www.adb.org/SPF/documents/agreement-carec-en.pdf>, <http://www.adb.org/SPF/documents/agreement-carec-kk.pdf>, <http://www.adb.org/SPF/documents/agreement-carec-ru.pdf>.

⁵ Операциялық басшылық, L1/OP бөлімі, АДБ Есептілік тетігі, 32-параграф

**ЦАРЭС 1 Көлік коридоры: Заем 2562 (Транш 2):
382-977 км-дегі мал өтетін өткел, Жаңатұрмыс
(құрылыс жұмыстарының суреттері, 2011 жылғы 3 ақпан)**



382+977 км (Жаңатұрмыстағы негізінен сұралған қосымша мал өтетін өткелдің қысқы кезеңге тоқтатылған құрылыс процесі; жұмыстардың қайта басталуы – 2011 жылдың сәуірінде)

**Құрылыс процесіндегі басқа мал өтетін өткел , Жаңатұрмыс
(жұмыстардың бастапқы көлеміне енгізілген)**



382+280 км